

Мәулана Жәлал-ад-дин Руми туралы дерек көздері

Аңдатпа. Мақалада XIII ғасырдағы Хорасаннан шыққан парсы-түрік ақыны, фақих, исламтанушы, теолог және сопы-мистик Жәлал-ад-дин Руми жайлы дереккөздердегі кейбір қарама-қарсы пікірлер сөз болады. Румидің туған жылы, туған жері, отбасының батысқа қоныс аудару себептері, шыққан тегі, моңғолдармен қарым-қатынасы жайлы деректер салыстырылып, қарастырылады. Румитануда негізгі дереккөздер болып саналатын Румидің өзінің «Мәснауи», «Диуан-и Қабір», «Фиқи Ма Фих», «Мәжіліс-и Саб'а» еңбектері, Шәмсі Тәбризидің «Мақалат» еңбегі, Румидің баласы Сұлтан Уәледтің «Ибтиданама», балаларының мүридін болған Феридун-и Сипехсалардың «Рисале-и Сипехсалар Манақиб-и Худауендигар», атақты Ахмет Әфлақидің «Манақиб ал-Арифин» (Арифлердің менкибелері) кітаптарынан алынған мәліметтер мен сол заманда өмір сүрген тарихшылардың, білім адамдарының еңбектеріне сүйенген ғалымдардың көзқарастары, пікірлері талданып, Румитанудың тарихнамасы ғылыми тұрғыдан жүйеге келтіріледі.

Түйін сөздер: Мәуланатану, парсы, деректеме, моңғол, түрік, хинди, түркітану, сопылық.

DOI: 10.32523/2616-678X-2021-135-2-22-31

Кіріспе

Мистик, ислам дініндегі сопылық бағытының негізгі өкілдерінің бірі, «Маулауиия сопылық бауырластығының (орден)» негізін қалаушы Жәлал-ад-дин Румидің туғандағы берілген аты – Джалал ад-Дин Мухаммад Балхи. Кейін батыс әлеміне Жәлал-ад-дин Руми атымен танымал болу себебі, оның өмір сүрген, есімі танымал болған Рум елімен байланысты. Анадолы мен Византияны қамтыған Кіші Азияны Рум деп атағандықтан Жәлал-ад-дин есіміне «Руми» сөзі («Румнан шыққан», «Румдық» мағынасында Ш.Н.) қосылып айтылды. Ал түрік, парсы жалпы Ислам әлемінде көбінде Mevlânâ/Mawlânâ (مولانا, «біздің қожайынымыз»), Mevlevi/Mawlawi (مولوی, «ұстаз» деген есіммен белгілі [1, 66 б.]. Өз ортасына Худауендигар (парсы

тілінде «Сұлтан» мағынасында) деген де атпен танымал болған (мақалада Руми және Мәулана есімдерін қолданамыз Ш.Н.).

Руми ғұмырының көбін түрік жұртының мәдени-рухани орталығы болған Кония шаһарында өткізген. Еңбектерінің басым бөлігін парсы тілінде жазған, түрікше, арапша, грекше жазылған шығармалары да бар. Еңбектерінде қамтылған тақырыптарға орай Жәлал-ад-дин Руми алдымен ислам әлеміне, онан кейін жалпы адамзатқа ортақ тұлға деп танылады. Жәлал-ад-дин Румидің өмірі, ұстанған көзқарастары, жалпы кім болғаны жайлы деректерде бір-біріне қайшы келетін пікірлер кездеседі. Мақаланың негізгі мақсаты – Руми жайлы әртүрлі зерттеулерге шолу жасай отырып, мәліметтерді салыстыру арқылы қалыптасқан тұжырымдардың негізінде өз ой-пікірімізді өрбіте отырып

өмірбаяндық мәліметтерді тұтастай жинақтау. Бұған Румидің туған жылы, туған жері, отбасының батысқа қоныс аудару себептері, шыққан тегі, Моңғолдармен қарым-қатынасы жайлы деректер мен зерттеулер қамтылатын болады.

Кеңес өкіметі тұсында діни мазмұндағы әдебиетке (ислами) тиым салынып, рухани және тарихи жадымызға шектеу қойылғаны белгілі. Енді ғана діни мазмұндағы шығармаларға назар аударылып, ғылыми тұрғыдан жүйелеу мен зерделеу жұмысы басталды. Соның ішінде ерте кезден-ақ парсы тілінен шағатай тіліне аударылып, көкіректеріне құйылып, оқылып келген Румидің еңбектерін тану, зерттеу кенжелеп келе жатқан іс. Осы тақырыпты алғашқылардың бірі болып қозғап отырғаны себебім де мәселенің күні бүгінге дейін күн тәртібіне қойылмауынан.

Зерттеу әдістері

Мәулананың ғұмырнамасына қатысты деректердің екі бағытта жеткенін көреміз:

1. Естеліктерге, аңыз-әңгімелдерге, көркем әдебиетке арқау болған тақырыптар;

2. Нақты деректерге сүйеніп ғылыми негізде жазылған еңбектер. Осындай негізде жазылған деректерді шолып қарағанда бірдей ортақ фактілердің бары байқалады. Десе де көптеген тарихшылар, ғалымдар осы орныққан пікірлерге сәйкес келмейтін тұжырымдарын ұсынып жатады. Мақала барысында деректерге жеке-жеке тоқталып, жүйелі түрде ұсақ тақырыпшаларға топтастырып, өзара салыстыру арқылы талдаулар жасалынады.

Талқылау

Жәлал-ад-дин Румидің туған жылы мен туған жеріне қатысты деректер

Ең әуелі Мәулананың туған жылынан бастайық. Көптеген деректерде Жәлал-ад-дин Руми 1207 жылы туған деп көрсетіледі. Бұл қабылданған дерек. Мәуланатануға арналған өмірнамалық зерттеулерде осы дата қолданылады. Себебі бұл деректі

алғаш Мәулананың өз шәкірттерінің бірі болған Феридун-и Сипехсалардың (1219-1301) «Рисале-и Сипехсалар Менакиб-и Худавендигар» (Ferîdûn-i Sipehsâlâr “Risale-i Sipehsalar be Menakib-i Hüdavendigâr”) еңбегінде және атақты Ахмет Әфлақи (1360 жылы қайтыс болды) «Manakib al-Arifin» кітабында келтірген. Біз де осы пікірмен келісеміз.

Алайда Жәлал-ад-дин Румидің өзі «Фихи Ма Фих» кітабында: «Біз Самарқандта болдық. Хорезмшах қаланы қоршап алды, әскерін қала төңірегіне орналастырып, шайқасты. Көршінің қызы өте әдемі еді. Әдемілігі сондай қаладағы қыздардың ешқайсысымен салыстыруға келмейтін. Мен оның дұғасын естідім: «Жаратқан Ие, мені бұл жауыздардың қолдарына түсіре көрмеңіз!» деді қыз» дейтін мағлұмат бар.

Хорезмшахтың Самарқандты 1207 жылы қоршауға алғаны белгілі. Бұл жоғарыдағы еңбектер бойынша Жәлал-ад-дин Румидің туған жылы осы жылы болса онда өз кітабында баяндаған оқиға қалай болып шығады? Біздіңше бұл оқиға Румидің ес біліп қалған кезінде орын алса керек. Бұл жерде Әфлақи қателескен болуы мүмкін, сондықтан болар тарихшы Уилл Дарент Жәлал-ад-дин Румидің туған күнін 1201 жылы, ал француз шығыстанушысы Морис Барр 1203 жылы деген мәліметтерді румитанушы ғалым Шефик Жан [1, 65 б.] келтіреді. Бұлар ең ертерек жазылған деректер.

Румитанушы ғалым Абдулбаки Гөлпынарлының келтірген дерегіне сүйенсек, бұл дата мүлде басқаша болып шығады. Онда Жәлал-ад-дин Румидің өз еңбегі *Dîvân-ı Kebîr'* дегі бір өлеңінде (III, 49) Шәмс-и Тәбризиді кездестірген кезде 62 жасында болғаны айтылады. Шәмсіні кездестірген уақыты 1244 (642) жыл болса, демек Жәлал-ад-дин Руми 1184 (580) жылы туған болып шығады [2, 156-161 б.]. Бірақ бұл жерде бір түсініспеушілік болған сияқты, себебі көптеген еңбектерде Жәлал-ад-дин Руми мен Шәмсінің кездескен уақытында Жәлал-ад-дин Руми емес Шәмсінің жасы 60-тарда, Жәлал-ад-дин Румидің 37-38 жаста болғаны айтылады. Бұл

дерек 1207 жылы туғанын жоққа шығармаса керек.

Енді туған жеріне келсек Руми бір кездері Хорасанның мәдени орталығы болған Балх қаласында (бүгінгі Ауғанстанда) дүниеге келді делінеді. Оның Джалал ад-Дин Мухаммад есімі кейін, танымал бола бастағанда туған қаласы Балхи атымен толықтырылады. Балх қаласы моңғолдар жаулап алғанға дейін көптеген салтанатты сарай, мешіт, медреселері бар ғылыми орталық болған, және Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан бай қала [1, 66б.].

Енді бір деректерде Балх аймағындағы Вахш өзені бойындағы Вахш ауылында (бүгінгі Тәжікстанда), сол кездегі Хорезмшах мемлекетінің беделді фикһ ғалымы Мұхаммед бин әл-Хусейна әл-Хатиби әл-Балхи отбасында дүниеге келгені сөз болады [3, 167 б.], [4, 11 б.], [5, 47-49 б.]. Вахш елдімекені бүгінгі Тәжікстанның орталығы Душанбеден 65 км жерде тұр. Мәулананың әкесі кезінде осы жерде біраз жыл тұрып қызмет жасайды, сол кезде Мәулана дүниеге келіп балалық шағын осы жерде өткізді деген де пікір бар [6, 16 б.].

Баһауиддин Уәледтің батысқа көшуінің негізгі себептері

Деректерде бұл қоныс аударудың себебін әкесі 1215 ж. сол кездегі Хорезм шаһы Ала Ад-динге қарсы үгіт насихат жүргізгендіктен, содан қауіптеніп отбасы және бір топ шәкірттерімен бірге Балхты тастап батысқа бет алды деп көрсетіледі [7, 418 б.]. Тағы бір деректерде Гераттағы Харезмшах Сұлтанатында және осы мемлекеттің жаңа астанасы Ургенчте сабақ беретін ғалым Рази (Фахреддин Әбу Абдулла Мұхаммед Рази: 1149-1209) арасындағы келіспеушіліктен болды деп көрсетіледі. Ал Хорезм Шаһы Фахреддин Рази жағында болған.

Алайда Хельмут Риттер Фахреддин Рази Баһауиддин Уәледтің Балхтан кетуінен үш жыл бұрын қайтыс болған деген деректі алға тарта отырып бұл мәліметтерді жоққа шығарады. Ал мәуланатанушы ғалым Рейнольд Аллейн Николсон және Хелмут Риттер Баһауиддин Уәледтің әулеті XIII ғасырда жарты әлемді жаулаған моңғол шапқыншылығының

әсерінен (1215-1220) шығыстан батысқа ауа көшкен елмен бірге туған өлкесі Хорезмшахты тастап шықты деген пікір айта келіп (Mevlânâ Celâleddin Rûmî, s. 16; IA, III, 54), Разидің Балх қаласына келгені туралы дереккөздерде ешқандай мәлімет жоқ екенін ескертеді. Тағы бір ескерткені, Разидің дін, философия жайлы «Муассил Екарүл-Мутакаддимин ве-л-Мутаһаһирин» еңбегінде Баһауиддин Уәлед жайлы ешқандай да сөз қозғалмайтынын, бүгінге дейін жеткен деректемелерде екеуінің араларында болған тартыс жайлы немесе олардың философиялық ойларының қайшылығын көрсететін деректер кездеспейді дейді [8, 270б.].

Бірақ парсытанушы Хижаби Кырланғыч (Hicabi Kirlangic) Жәлал-ад-дин Румидің әкесі Баһауиддин Уәлед «Maârif» атты еңбегінде философтарды ұнатпағанын және де осы себептен Фахреддин Разимен қарым-қатынасы жақсы болмағанын баяндайды [9, 10 б.].

Ал Жәлал-ад-дин Румидің баласы Сұлтан Уәлед «İbtidaname» еңбегінде атасы Баһауиддин Уәледтің Балх адамдарымен араздасып, сол себепті елді тастап кеткенін, сонымен бірге Балхқа моңғолдар шабуылдады деген кезде көптің жолда болғанын айтады. Моңғолдар 1218 жылы Балхты алған кезде, Баһауиддин әулеті Балхтан әлдеқашан кетіп қалғанын айтады (Сұлтан Уәлед. İbtidânâme, s. 240) [10, 240 б.].

Жәлал-ад-дин Румидің шыққан тегі туралы деректер

Енді, Жәлал-ад-дин Румидің жалпы қай халықтың өкілі болғандығы туралы мәселеге тоқталайық.

Хазіреті Жәлал-ад-дин Румидің әкесі шейх Мұхаммед Баһауд-дин Уәлед Хазірет Әбу Бәкірдің кіндігінен тараған оныншы ұрпағы, ал анасы тікелей Пайғамбардың ұрпағы делінеді [1, 67 б.]. Оның әкесінің тегін тікелей Хазіреті Әбу-Бәкірге апарар болсақ (Eflâkî, Menâkibü'l-`arîfîn, I, 75) онда оның генетикалық тегі араб болғаны.

Бүгін қазақтардың ішінде де өздерін Хазіреті Әбу-Бәкірден тарататын сунақтар бар, олар араб болып саналмайды, қазақтың жүзге кірмейтін бір руы ретінде айтылады.

Олардың қазақ екеніне дауласа алмаймыз. Демек Румиді бұл дерек бойынша араб деп кесіп айту қиын.

Ал жоғарыдағы айтқанымыздай Тәжікстанның Вахш деген жерінде туды деген пікір бойынша тәжіктер Румидің тегін «тәжік», туған жері Ауғанстан болғандықтан бүгінгі Ауғанстан ғалымдарының да Румидің нәсілін өздеріне тартып «ол ауған болған» деген пікірлері де бой көрсетіп қалады [6, 16 б.].

Тағы бір деректе Мәулананың сол кездегі Хорезм парсыларынан шыққандықтан ата-анасы парсы тілінде сөйлегені айтылады [1, 67 б.] және осы пікірді көбінде батыс әлемі мойындай келе Мәулананың парсы текті болғанын айтады және оны парсы әдебиетінің өкілі ретінде қарастырады. Оған негізгі себеп болып отырған жағдай – Жәлал-ад-дин Румидің өз шығармаларының көбін парсы тілінде жазғандығы. Ол өмірінің көп уақытын бүгінгі Анадолыдағы Конияда, селжүк-түріктердің ортасында өткізгенімен негізгі еңбектерін парсы тілінде жазуы себепті, оның тегі парсы болды деп қарастыру, бұған жалпы түріктерге деген батыс әлемінің тілге байланысты берілетін идентификациясына еуроцентрлік көзқарас тұрғысынан қалыптасқан пікір деп білеміз. Көрнекті тұлғалардың этникалық тегін анықтау (идентификация) мәселесінде жалпы ғылым оның жазған еңбектері қай тілде болса, көбіне соған көңіл бөледі де, тілне қарай теліп сол ұлт өкілі деп қарастыру дәстүрі қалыптастқан. Мысалы, осы уақытқа дейін еңбектерін араб тілінде жазған Әбу-Насыр әл-Фарабиді араб ойшылы деп қарастырады. Ал біз болсақ, тегінде сақталған Ибн Уздағ, Ибн Тархан әл Фараби атауларына қарап оның Отырардан шыққанын білеміз. Бейруни (Әбу Райхан Мұхаммед б. Ахмет: 973-1048), Ғазали (Әбу Хамид Мұхаммед б. Мұхаммед б. Ғазали: 1058-1111) сияқты түрік ойшылдары да еңбектерін парсы тілінде жазған. Тіпті ұзаққа бармай-ақ кешегі жазушы Шыңғыс Айтматовты алайық, оның шығармаларының денін орыс тілінде жазғандығын және сол кезде кеңес өкіметінің билігіне қарасты

болғандықтан қырғыз жазушысы деп емес, кеңес өкіметінің жазушысы деп таныды. Бұндай мысалды келтіре беруге болады. Тура сол сияқты Мәулана да еңбектерін парсы тілінде жазғандықтан көбінде парсы ретінде танылған.

Ал шындыққа келетін болсақ, Мәулананың өзі «Диуан-и Қабір» (Ұлы жұмыс) еңбегінің ескі түпнұсқаларының бірінде:

Bigane megirid mera zin kuyet – Der kuy-u şuta Hane-i hod micuyet

Düşman neyem her çend ki düşmen ruyet – Aslem Türkest egerçi hindu guyet, - (Мені бөтен деп санамаңыз, мен осы төңіректенмін.

Сіздің жаныңыздан үйімді (пана) іздеп жүрмін.

Мен жау болып көрінсем де, жау емеспін.

Мен хинди тілінде сөйлесем де, менің тегім – түрік) деп тегінің түрік екенін тайға таңба басқандай айқын айтып кеткен. Бұл жерде «хинди тілі» деп отырғаны сол кездегі парсы тілі, Үнді-Иран аймақтарының барлығында жалпы қолданылғандықтан «хинди тілі» деген атпен де жүреді дейді ғалымдар.

Бірақ Гөлпінарлы сияқты кейбір ғалымдар бұл жердегі «хинди» және «түрк» тілін басқа мағынасында қолданып, біз келтірген мағынадан мүлде басқа ұғым шығарады. Мысалы, парсы тілінде «хинд» сөзі «қара, ұсқынсыз», ал «түрк» сөзі «әдемі» деген мәнінде, «ұсқынсыз көрінсем де негізім әдемі» дейтін ұғыммен байланыстырылады [10].

Бұл сөздердегі «түрік», «хинди» атаулары басқа мағынада емес, этностардың, тілдердің атауы екенін Жәлал-ад-дин Румидің өз еңбектері «Мәснәуи Мағнауи» мен «Дивани Қабір» еңбегінен алынған төмендегі мысалдардан көре аламыз:

Bir gün her zümrenin önünde saman çöpü müsün, dağ mı, Hindû musun, Türk mü? Meydana çıkar.

Hindû ile Türk, ana karnında belli olmaz. Fakat doğunca zayıf mı, kuvvetli mi.. herkes görür anlar.” (Mesnevî tercümesi, c.1, beyit: 3524-3525).

“Karayüzlü Hintlilerin Türk’ten vazgeçmeleri çok daha iyidir. Çünkü canla oynamak Türklere hastır, Hindû’nun işi de lâlâlıktır.” (Dîvân-ı Kebîr, Mevlâna Müzesi Nu.69, s.80)

“O sabah şarabı Türklük eder de öfkeyle Hintli geceye sen sen der.” (Dîvân-ı Kebîr, Mevlâna Müzesi Nu.69, s.26, “sen sen” kelimeleri Türkçedir.)

“Bir Hintli sakiye benzeyen gönlüm, gam Türk’ü at oynatmasını diye bir meclistir kurdu; çünkü bugün toy yok.” (Dîvân-ı Kebîr, Mevlâna Müzesi Nu. 68, s.106 “toy” kelimesi Türkçedir.)

“Neş’e Türk’üyle gam Hindu’su, o yandan gelip erişir, gelip gitmeleri daimidir, ancak yol ortada görünmüyor.” (Dîvân-ı Kebîr, Mevlâna Müzesi Nu.68, s.110)

“O Türk’e benzer gözler önünde bir kul, Hintli küçük bir kölesin.” (Dîvân-ı Kebîr, Mevlâna Müzesi Nu.68, s.304) [11].

Өзі айтып тұрғандай Мәулананың асылтегі түрік екені «айдан анық, күннен раушан» болды, ендеше Жәлал-ад-дин Руми еңбектерін неге парсы тілінде жазды деген сұраққа жауап беріп көрейік. Руми медреседе берген дәрістерді парсы тілінде оқығандығын «Фиһи Ма Фиһ» (дәрістерді жинап кітап етіп жазған өзінің баласы Сұлтан Уәлед) еңбегінен білеміз. Бұның да екі түрлі себебі барын аңғаруға болады.

Біріншіден, Жәлал-ад-дин Румидің қоныс тепкен өлкесі Кония сұлтанатында негізгі халқы селжүктер, қараманылар болса да, олар ресми іс жүргізуді, ғылым-білімді парсы тілінде жүргізді. Бұл дәстүр Анадолы Селжүктерінің уәзірі Қараманоғлы Мехмед Бейдің 1277 жылы түрік тілін ресми тіл етіп жариялағанына дейін жалғасқан. Ол кезде Ислам дінінің күшейген кезі еді, діннің негізгі қайнар көздері араб пен парсы тілінде жүргізілді. Сол кездегі селжүктердің ғұламалары, ілім адамдары, шайырлары парсы тілінде еңбектер жазды және оқыды. Жәлал-ад-дин Руми да осы дәстүр бойынша негізгі еңбектерін парсы тілінде жазды.

Екіншіден, Жәлал-ад-дин Румидің туған жері Ауғанстанда сол кезде Хорезм түріктері өмір сүрді. Сөйлеген тілдері хорезм түрікшесі немесе шығыс түрік диалектісі еді, ал Анадолыға келген соң ондағы қолданылған түріктердің тілі оғыз түрікшесі немесе түрікмен тілі еді, яғни түрік тілдерінің батыс диалектісі болды. Түрік тілдерінің екі диалектісі бір-біріне толық сәйкес келе бермейтін болғандықтан жалпыға ортақ тіл ретінде парсы тілін қолданды деген пікір шындыққа жақын [12, 1856.].

Жәлал-ад-дин Руми сонымен қатар аз болса да түрік тілінде еңбек жазғанын, тіпті атақты «Мәснәуи Мағнауи» мен «Диуани Қабір» еңбектерінде де парсы тілімен бірге кей жерлерде түрікшені аралас қолданғанын төмендегі мысалдардан көруге болады:

Түрікше парсыша аралас бәйіттер:
*Goftem korukçu geşte-i ışk amma yurtu dil
Yaylak-ı sultan çün büved kışlak-ı çobanist in
(Divandan)*

*Çü nûşidem zi tutmaceş fûru kubid çün sirem
Çü tuzluk ru turş kerdem kezan şirin buridestem
(Divandan)*

*Mahest nemidanem hursid ruhat yane
Bu ayrılık oduna nice cigerimiyane (Divandan)
An yeki Turki bedo goftem in benem
Men nemihahem ineb hahem üzüm (Mesneviden)*

Түрікше бәйіттер:
*Kiçkinen oğlanhey bize gelgil–Dağdan dağdan hey
bize gelgil*

*Ay bigi sensin gün bigi sensin–Bimeze gelme
bameze gelgil
(Divandan)*

*Yüzün ey yarı ruhani virir ısı bigi canı
Senin eylügön kani eger men mütteheme başem
(Divandan) [12, 1856.].*

Келтірілген дерек-мысалдарға сүйене отырып, біз де Жәлал-ад-дин Румидің тегі түрік болды деген пікірге табан тірейміз. Еңбектерін парсы тілінде жазу себептерін негізге ала отырып, өзі жырлаған жоғарыдағы бәйітіндегі «Түрікпін!» деген анықтамасы, сонымен бірге туған өлкесі Хорасанда сол кездерде Хорезм түріктері болғанын да ескеретін болсақ, бұл болжам растала түседі.

Тұлғаны меншіктеу, өзіне қарай тарту дәстүрі біздің қазақ, өзбек, қырғыз т.б. кешегі кенес өкіметінің құрамында болған елдерде кең тараған. Соның кесірінен еңбегі барлық түркі халықтарына сіңген ортақ ұлы тұлғаларды меншіктеу, сол арқылы бір-біріне айбар көрсету, өздерін ескі мемлекеттерді құрушы этностардың ізбасары санап, басқа туыстас халықтарды қор санау дәстүрі қалыптасқан. Бұндай пікірталас румитану мәселесінде іске аспай қалады. Себебі бүгінгі османлы түріктері де, парсылар да ондай саяси астарлы ойынға қатысып,

құлдық сананың құрбаны бола қойған жоқ. Түрік те, парсы жұрты да дәл Мәулананың мәселесінде сондай адам айтарлықтай шу шығарып, айтысып-тартысып отырмайды. Екі тарап та (тіпті бүгінгі Ауғанстан, Тәжікстан сияқты үшінші төртінші тараптар болсын) өз беттерінше әбден зерттеп, танып, Жәлал-ад-дин Румидің тек ғана «атаның емес адамзаттың баласы болғанын», яғни күллі адамзатқа ортақ тұлға болғанын әлдеқашан мойындап қойған. Сондықтан оның тегіне ешкім де бас қатырмайды. Оның ілімі тек Ислам шеңберіне сыймайды. Жәлал-ад-дин Руми қанша жерден Ислам әлімі, әрифі саналса да ол өзінің құдайтану жолында жеке мистикалық жолын қалыптастырды, алдындағы сопы-мистиктерден әсерлене отырып, жалпы Алланы тану арқылы барлық оның жаратқандарын сүйеге үндеді. Мәуланаша ғашық болудың сыры да осы еді, әрі оның осы шексіз сүйіспеншілігін таныған басқа халықтар болсын, басқа діндегілер болсын бүгінгі Мәулана ілімімен сусындауға құштар болып келеді. Адамзатқа ортақ тұлға екенін осы арқылы пайымдаймыз.

Жәлал-ад-дин Руми мен моңғолдардың қарым-қатынасы

Жәлал-ад-дин Руми мен моңғол қарым-қатынасы жайында біраз тартысты пікірлер айтылады. Тіпті Жәлал-ад-дин Румиді моңғолдарға сатылған, оларға қызмет жасаған деген пікірлер де бой көрсететінін жасыра алмаймыз. Енді осылардың себебін анықтап көрейік.

Жәлал-ад-дин Румиді моңғолдардың тыңшысы ретінде танып, арнайы мақалалар, еңбектер жазғандар негізінен ғалымдар Фуат Көпрүлү, Шехабеддин Текиндаг мен Мұстафа Ақдаг, Михайл Байрам, Халил Иналжык, Рыза Зелюттар т.б. Аталған зерттеушілердің жазған дүниелерін сараптай келе олардың да ештеңені ойдан құрап отырмағаны, табан тіреп отырған нақты фактілері бар екеніне көз жеткіздік. Олардың сүйенетін дереккөздері негізінен тарихшы Ибни Биби «эль-Эвамиру-л-алеййе», Ахмет Әфлақидің «Менакибул-Арифин», Мәулананың «Фиһи Ма Фиһ» еңбегі және «Мысыр халифасы және

оның тарихы» хикаясы, Шәмсі Тәбризидің «Мақалат» еңбегі [13].

Біріншіден, зерттеушілердің пікірінше Жәлал-ад-дин Румидің ұстаздары болған Сайид Бурхан-ад-Дин мен Шәмсі Тәбризи моңғолдарға сатылып, оларға қосылған. Мысалы Қайсери қаласын моңғолдар жаулап алған кезде, ол қалада Сайид Бурхан-ад-Дин де, Шәмсі Тәбризи де болған. Барлық қарсыластарды аяусыз өлтірген кезде екеуіне ештеңе де жасамаған, осы оқиғадан кейін Шәмсі Конияға келеді де Жәлал-ад-дин Румиге жолығады, одан әрі моңғолдар мен Жәлал-ад-дин Руми арасында қарым-қатынас орнаған.

Ал Сайид Бурхан-ад-Дин қайтыс болған кезде оның мазарын салдырған да моңғолдар екенін ескертеді.

Екіншіден, Ахмет Әфлақидың жазғандарына сүйене отырып Жәлал-ад-дин Руми де ұстаздары сияқты моңғолдардан үзбей сыйлық (пара) алып отырғанын, тіпті бір жолы Моңғол қазынашысы (Қаржы министрі) болған Әмір Шәрефуддин Мәуланаға жеке барып, оған 1000 динар бергенін баян етеді. Ол кезде бұл өте көп қаржы еді (1 түйе 10 динар болатын).

Үшіншіден, Жәлал-ад-дин Руми баласы Аладдин Уәлед қайтыс болған кезде оның жаназасын оқымай қойған, себебі ол моңғолдарға қарсы көтеріліске қатысып, жеңіліп қалған. Ал, Абдулбаки Гөлпынарлы мен Феридун Нафиз Узлук Мевлана Шемс-и Тебризи өліміне ұлының қатысы болғандығы үшін жаназа намазын оқымағандығын түсіндіреді.

Төртіншіден, Мәулананың сол кездегі моңғолдардың қолбасшысы Байжу Ноянды, Хулагу ханды, тіпті Шыңғыс ханды да «әулие» деп атап, оларды халық арасында дәріптегенін алға тартқан.

Ал осындай нақты дәлелдерге қарсы Жәлал-ад-дин Румиді зерттеушілер қандай уәж айтады?

Олардың да ұстанған көзқарастары ақылға қонымды, қабылдауға тұрарлық. Ең әуелі олар Мәулана Жәлал-ад-дин Руми моңғолдарға қарсы соғыс ашса мұсылман

бауырларының қаны одан да көп төгілетінін, ол кездегі бір аққан сел сияқты келген моңғолдарға қарсы тұру мүмкін болмағанын, тек оларды келіссөздер арқылы тоқтатып, мұсылмандарды және дінін аман алып қалуға тырысқанын тілге тиек етеді. Сондай-ақ, Жәлал-ад-дин Руми оларды «кәпір, пұтқа табынушы» деп қана қабрамай барлығына Исламды дәріптеп дінге кіргізу үшін күш салғанын көреміз. Оған мысал, «Диван Қабірде» келетін «Moğollardan korkuyorsanız, Allah'ı tanıııyorsunuz demektir. Siz onlara bakınca kâfir görüyorsunuz; ben ise aralarında yüz tane iman sancağı sayıyorum» бәйіті (ауд. «Моңғолдардан қорықсаңыз, Алланы тани алмағандығыңыз. Сіздер оларға қарап кәпірді көрсеңіздер, мен араларынан жүздеген имандылықты ту еткендерді санап тұрмын»). Расында да Мәулананың көргеніндей көптеген илхандар мен 30 000 моңғол әскерінің барлығы да ақыры мұсылман дінін қабылдайды. Илхан Текудер де мұсылман болып Ахмет атын алады және 1295 жылы мұсылмандықты қабылдаған Ғазан хан өзіне Махмұт атын алып, Румидің жоғарыда келтірген бәйітін өзі киген шапанына алтын жіппен кестелетіп жаздырады.

Бүгін Түркияда сол мұсылмандықты қабылдаған Илхандардан қалған тарихи орындар, мешіттер көптеп кездеседі дейді проф. Әкрем Бұғра Әкинчи [14].

Тағы бір дерек, Мәулананың үлгі тұтқан ұстаздары әрі әкесінің достары Кубревия тариқатының пірі Неджмеддин Күбра мен «Мантык-ут Тайр» авторы Феридедин Аттарды моңғолдардың өлтіргенін, бұл жағдайдан кейін Мәулана моңғолдар жағына шығып түріктерге қиянат жасады деу қисынсыз дегенді айтады [15].

Ал әмірлердің Мәуланаға ақша (пара) берді дегені де рас деректер, бірақ ол Мәуланаға көрсетілген құрмет ретінде берілген сыйлықтар еді. Оны Мәулананы қаралаушылар әдейі бұрмалап, жасаған тыңшылығының қарымы ретінде алып отырған ақысы деп көрсетеді. Мысалы Шефик Жан «Мәулана Жәлал-ад-дин Руми» атты еңбегінде Мәулананың сүйікті шәкірті,

досы болған Хұсамеддин Челеби екеуінің арасындағы сыйластықты, сүйіспеншілікті, сенімді көрсете келіп, бірде Әмір Тәжеддин Мутези Қорасанидің Мәуланаға көп ақша жіберіп, дәруіштерге ас беруін, сәма мәжілісін ұйымдастырып, өзі үшін дұға жасауын өтінеді. Бір үлкен Әмірдің өзі үшін дұға жасауын жай бір адамдардан өтіне бермесі анық, демек Мәулананы Құдайдың сүйген құлы ретінде бағалап, дұғасына мұқтаждық танытып, сый көрсетіп отыр деп түсінсек керек. Мәулана осы жіберілген ақшалардың барлығын Хұсамеддинге жібереді, сол кезде ұлы Сұлтан Уәлед көңілі қарайып, әкесіне «Үйде ештеңе жоқ, қолымызға келген ақшаның барлығын Хұсамеддинге жібере бересіз. Біз не істейміз?» деп ренжиді. Мәулана жауап ретінде Хұсамеддиннің әділ екенін, ақшаларды кедейлер үшін жұмсайтынын, оған қатты сенетінін айтады. Егер Хазіреті Мәулана дүние үшін бәрін сатып өмір сүрген адам болса, ұлы Сұлтан Уәлед айтқандай «үйінде ештеңесі жоқ» болмас еді, ұлы да наразылық білдірмес еді. Бұл жерден де Мәулананың сөзсіз тақуа, өз жолына берілген адам болғанын көреміз [1, 146 б.].

Нәтижелер

Деректер көрсеткендей Румидің моңғолдармен қарым-қатынасы оның отанына опасыз болғандығын көрсетпейді, керісінше өзі өмір сүрген ортаның тыныштығын сақтай отырып келген жауды келісімге шақырғанын көреміз. Сондай-ақ жауына да сыйлы болған адамзатқа ортақ бірегей тұлға екенін мойындаймыз.

Ал Румидің тегі жайында талдауымызда жоғарда көрсеткендей түркі нәсілінен болуы мүмкін деген пікірді қолдай отырып кейінгі зерттеулерімізде қазақтың «атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген нақыл сөзіндегідей жалпы адамзатқа ортақ тұлға деп танимыз.

Туған жылын талқылау бөліміндегі көптеген деректер көрсеткендей 1207 жыл деп қабылдап, туған жерін бүгінгі Ауғанстан жеріндегі Балх қаласы деген пікірді қолдаймыз.

Қорытынды

Қорыта келе айтатын болсақ, Румиге қатысты айтылып келе жатқан даулы мәселелердің көптігі, деректердің алуандығы – шайырдың жалпы адамзат тарихындағы рөлінің маңыздылығын көрсетеді.

Мәулана өз дәуіріндегі ұлы тұлғалардың бірі ретінде шығыс әлемінде, оның ішінде түркі дүниесінде алар орны ерекше. Шынымен де бүкіл саналы өмірін Хақты (Жаратушысын) тануға сарп еткен ариф, артына Құран мен хадистің сырларын ашатын «Мәснәуи Мағнауи» атты терең еңбек қалдырған Ұстаз. Барлық адамзатты дініне, нәсіліне,

түріне қарамай бір-бірін сүйеге шақырған өз заманының ойшылы, гуманист Жәлал ад-дин Румидің еңбектері әлі де түбегейлі зерттеуді қажет етеді.

Жалпы тек дін ғана емес гуманизмді дидактикалық формада жеріне жете суреттеп насихаттаған Румидің еңбектері арқылы мистикалық бағыттың негізгі мағынасын, мазмұнын, ерекшеліктері жайлы мағлұмат алып, оны кез-келген бір діннің аумағында қарастыруға болмайтынына да көз жеткізуге болады. Болашақта осы тұлға жайлы жан-жақты зерттеулер жасалып, отандық ғылым тарапынан да өз бағасы берілуі керек деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Джан Ш. Мевляна Джалаледдин Руми. Жизнь-Личность-Взгляд. - Москва: Новый свет. -2007. - 331 с.
2. Gölpınarlı A. Mawlana, Şams-İ Tabrizi ile altmış iki yaşında buluştu // Şarkiyat Mecuası -1959. –Vol. 3. 156-161 p.
3. Harmless W. Mystics – O: Oxford University Press. -2008. 167 p.
4. Schimmel A. I am Wind, You are Fire: The Life and Work of Rumi // Boston, 1992; republished – p. 11.
5. Franklin D. Lewis. Rumi: Past and Present, East, and West: The Life, Teachings, and Poetry of Jalâl al-Din Rumi/ London: Oneworld, 2000, - p. 47–49.
6. Dr. Erdoğan Erol. Mevlana'nın milliyeti // Nev Niaz/Mevlana Özel Sayısı. -2011. – 16 б.
7. Ислам энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2010. – 418-420 б.
8. Helmut Ritter. “Mevlânâ Celaleddin Rûmî ve etrafındakiler”, Türkiyat Mecmuası. Cilt: VII-VIII, - s 270.
9. Mevlânâ Celaleddin Rûmî. «Yedi Meclis» (Mecalis-I Seb`a). Kurtuba kitap/ Istanbul: Kurtuba kitap, 2011. (Парсы тілінен түрік тіліне аударған Хижаби Қырланғыч)
10. Mevlana hakkında yanlış bildiklerimiz [Электрон. ресурс] -2013. -URL: <http://www.radikal.com.tr/yazarlar/ayse-hur/mevlana-hakkinda-yanlis-bildiklerimiz-1166260/> (қараған уақыт 16.03.2020).
11. Mevlâna'nın Eserlerinde Türklük Bilinci. Türk Yurdu. bildiklerimiz [Электрон. ресурс] -2012. -URL: <https://www.turkyurdu.com.tr/yazar-yazi.php?id=1325> (қараған уақыт 16.03.2020).
12. Neşet Çagatay. Mevlânâ'nın yazi dili niçin farsça'dır // Belleten, Cilt: XLVII – 1983. - №185 – S. 37-45
13. Mevlana'nın Moğollarla İlişkileri Üzerine [Электрон. ресурс] -2002. -URL: <https://www.haksozhaber.net/okul/mevlananin-mogollarla-iliskileri-uzerine-3393yu.htm/> (қараған уақыт 10.03.2020).
14. Mevlana ve Moğollar [Электрон. ресурс] -2018. -URL: <https://www.fikriyat.com/tarih/2018/07/03/mevlana-ve-mogollar/> (қараған уақыт 15.03.2020).
15. Mevlana neden Moğol ajanı değildir [Электрон. ресурс] -2012. -URL: <https://www.dunyabizim.com/hikmet/mevlana-neden-mogol-ajani-degildi-h8753/> (қараған уақыт 18.03.2020).

N. Shaimurat

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

A review of materials and publications about Mevlana Jalal-ad-din Rumi

Abstract. This article reviews some of the conflicting views in sources about the 13th-century Persian-Turkish poet of Khorasan origin, fahih, Islamic scholar, theologian, and Sufi mystic Jalal-ud-Din Rumi. For example,

there are compared and analyzed information on the year and place of Rumi's birth, the reasons for the family's migration to the West, his origins, and relations with the Mongols. The main sources in Rumi Studies are Rumi's Masnawi, Diwan-i Kabir, Fiki Ma Fih, Majilis-i Saba, Makalat by Shams Tebrizi, and Ibtidaname by Rumi's son Sultan Walad, «Risale-i Sipehsalar Manakib-i Khudaundigar» by Feridun-i Sipehs murid his children, «Manakib al-Arifin» by the famous Ahmet Aflaki and other historians, thinkers, and scholars. Also, there are presented views and opinions modern scholars.

Keywords: Mawlana study, persian, data, mongol, turk, hindi, turkology, sufizm

Н. Шаймурат

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Обзор материалов и публикаций о Мевлане Джалал-ад-дине Руми

Аннотация. В статье представлен обзор некоторых противоречивых мнений в источниках о персидско-турецком поэте XIII века хорсанского происхождения, фахихе, исламовед, богослове и суфий-мистике Джалал-ад-Дине Руми. В частности, даются сравнение и анализ сведений о годе и месте рождения Руми, причинах переселения семьи на Запад, происхождении и отношениях с монголами. Основными источниками в румиведении являются произведения Руми «Маснауи», «Диван-и Кабир», «Фики Ма Фих», «Маджилис-и Саба», «Макалат» Шамса Тебризи, «Ибтиданаме» сына Руми Султана Валада, «Рисале-и Сипехсалар Манакиб-и Худауэндигар» мюрида его детей Феридун-и Сипехса, «Манакиб аль-Арифин» знаменитого Ахмета Афлаки и других историков, мыслителей и ученых. Также в статье представлены взгляды и мнения современных ученых.

Ключевые слова: мавланаведение, персидский, данные, монголы, тюркский язык, хинди, тюркология, суфизм.

References

1. Jan Sh. Mevlana Jalaladdin Rumi: Zhizn-lichnost'-Vzglyad [Mawlana Jalaladdin Rumi: Life-Personality-Views] (Noviy svet, Moscow, 2007. 84 p.) [in Russian]
2. Gölpınarlı A. Mawlana, Şams-İ Tabrizi ile altmış iki yaşında buluştu [Mawlana met Shams-i Tabrizi at age sixty-two], Şarkiyat Mecuası [Oriental Journal]. 1959.Vol. 3 p. 156-161. [in Turkish]
3. Harmless W. Mystics/ W. Harmless. – Oxford: Oxford University Press, 2008, -P. 167.
4. Schimmel A. I am Wind, You are Fire: The Life and Work of Rumi/Boston, 1992; republished –P. 11.
5. Franklin D. Lewis. Rumi: Past and Present, East, and West: The Life, Teachings, and Poetry of Jalâl al-Din Rumi/ London: Oneworld, 2000, - p. 47–49.
6. Dr. Erdoğan Erol. Mevlana'nın milliyeti [Nationality of Mewlana], Nev Niaz/Mevlana Özel Sayısı [Nev Niaz/Mevlana Special Issue]. 2011. - p. 16. [inTurkish].
7. Islam entsicopedialyk anyktamalykh [Islamic encyclopedic reference book]. (Aruna, Almaty, 2010. 418-420 p.) [in Kazakh]
8. Helmut Ritter. Mevlânâ Celaleddin Rûmî ve etrafındakiler [Mevlana Celaleddin Rumi and those around him], Türkiyat Mecmuası [Turkish Journal]. Cilt: VII-VIII, - 270 p. [in Turkish]
9. Mevlânâ Celaleddin Rûmî. «Yedi Meclis» (Mecalis-I Seb`a) [Seven Council]. (Kurtuba kitap. Istanbul. 2011. 174 p.) [in Turkish]
10. Mevlana hakkında yanlış bildiklerimiz [Wrong informations about Mevlana] 2013. Available at: <http://www.radikal.com.tr/yazarlar/ayse-hur/mevlana-hakkinda-yanlis-bildiklerimiz-1166260/> (Accessed: 16.03.2020).
11. Mevlâna'nın Eserlerinde Türklük Bilinci [Consciousness of Turkishness in the Works of Mevlana] 2012. Available at: <https://www.turkyurdu.com.tr/yazar-yazi.php?id=1325> (Accessed: 16.03.2020).
12. Neşet Çagatay. Mevlânâ'nın yazi dili niçin farsça'dir [Why is Mevlana's written language Persian?] Belleten [By Memory], Vol: XLVII – 1983. -№185 – S. 37-45 [In Turkish]
13. Mevlana'nın Moğollarla İlişkileri Üzerine [About Mevlana's Relations with the Mongols] 2002. Available at: <https://www.haksozhaber.net/okul/mevlananin-mogollarla-iliskileri-uzerine-3393yy.htm/> (Accessed: 10.03.2020).

14. Mevlana ve Moğollar [Mewlana and mongols] 2018. Available at: <https://www.fikriyat.com/tarih/2018/07/03/mevlana-ve-mogollar/> (Accessed: 15.03.2020).

15. Mevlana neden Moğol ajanı değildir [Why is Mevlana not a Mongolian agent?] 2012. Available at: <https://www.dunyabizim.com/hikmet/mevlana-neden-mogol-ajani-degildi-h8753/> (Accessed: 18.03.2020).

Автор туралы мәліметтер:

Шаймұрат Нұрдаулет – гуманитарлық ғылымдар магистрі, түріктану кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Nurdaulet Shaimurat – Master of Humanitarian Sciences, doctoral student of Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.